

ТҮЙІН

БҚО, Орал қаласы және Зеленов ауданы Щапова, Переметное, Даринск аударындағы мысықтардың гельминтоздармен жұғымталдылығы орташа есеппен алғанда қалалық аумақта 35,8 %, ауылдық округтерде 52,5% - ды құрады. Бұл аумақтарда 4 түрлі гельминттер: *Opisthorchis felinus* (Rivolta, 1884), *Dipylidium canium* (L, 1758), *Hydatigera taeniaeformis* (Batsch, 1786), *Toxocara mystax* (Zeder, 1800) анықталды.

RESUME

In Uralsk of West Kazakhstan region helminths infestation of cats constitute on average 35.8%, in the urban population, in rural population-52.5%. There are 4 species of helminths, namely *Opisthorchis felinus* (Rivolta, 1884), *Dipylidium canium* (L, 1758), *Hydatigera taeniaeformis* (Batsch, 1786), *Toxocara mystax* (Zeder, 1800).

УДК 619:616.995.121 (574. 1)

Г. А. Елеуова, магистрант

А. С. Сапарова, ветеринария ғылымдарының магистрі

Ш. М. Шалменов, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, ғылыми жетекші
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті, Орал қ., ҚР

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЭХИНОКОККОЗДЫҢ ЭПИЗООТОЛОГИЯЛЫҚ, ЭПИДЕМИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Мақалада эхинококкоз ауруының таралуы, БҚО бойынша ауланған, жойылған иттер саны және ветеринарлық-санитарлық сақтық шаралары, өзіндік зерттеу жұмыс нәтижесі көрсетілген.

Түйін сөздер: Эндемикалық аймақ, зооноз, протосколекс, гематогенді.

Кіріспе. Эхинококкоз – зооноз, яғни жануардан адамға жұғатын сырқат. Ол адамға негізінен ауыз арқылы жұғады. Эхинококктың онкосферасы гематогенді жолмен таралатындықтан, кез келген мүшені, көбіне бауырды, өкпені, сирек басқа мүшелерді де зақымдайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Халықаралық эпизоотика бюросы бұл сырқатты бірінші кезекте жоюды талап ететін жұқпалы аурулар тізіміне енгізді. Эхинококкоз адамның қатерлі паразитті ауруларының біріне жатады және әлемнің көптеген елдерінде медициналық және әлеуметтік өзекті мәселеге айналып отыр. Қазақстан Республикасы эхинококкоз бойынша жылдан-жылға қауіптілігі өсіп отырған эндемикалық аймақтардың қатарына жатады. Қазақстанда С.Г. Степанян (1958), Р.С. Шульц (1961), Б. Шайкенов (2002), ал БҚО бойынша М.Ш. Шалменов (2009) және т.б. ғалымдар эхинококкоз профилактикасының көптеген сұрақтарын қарастырып, зерттеулер жүргізді [1].

Эхинококктың жұмыртқасы иттің нәжісі арқылы сыртқа шығады. Жұмыртқалар буыны ішінде болады. Бір буында 2000-ға жуық жұмыртқа болады. Кейбір шопан иттерінде 10000 – 70000-ға дейін эхинококк болады. Сонда әрбір ит күніне 1000-6000-дай буынды далаға шығарады. Осы буындарда 0,5 млн-3 млн -ға дейін жұмыртқалар болады. Иттерге эхинококкоз жылауықпен зақымдалған өкпе, бауыр жегеннен жұғады [2].

Иттің ішегінде эхинококк 2,5-3 айдың ішінде таспа құртқа айналады. Қойларға эхинококкоз иттің нәжісімен далаға шығып шөп, су және топыраққа жабысқаннан эхинококк жұмыртқасын жеп қойғаннан жұғады. Қойдың ішегінде ішек сөлі және ферменттердің әсерінен жұмыртқаның сыртқы қабығы ериді де, ішіндегі ұрық босап қалады. Одан кейін онкосфера ішек арқылы қан тамырына кіреді де, қанның ағысымен организмнің барлық жерлеріне

тарайды. Өкпе, бауырларға барғандары тоқтап өсе бастайды [3,4].

2013 жылы жалпы саны 5316 ит және 200-ден астам мысық ауланған. Ал 2014 жылы БҚО бойынша 6292 ит және 521 мысық жойылды, нақтырақ айтсақ, оның 3656 ит және 338 мысық қаңғыбас ит болып саналады [5].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Жануарлардың эхинококкозбен залалданғандығын анықтау мақсатында зерттеу жұмысымды ЖШС «Стабилизационный фонд» және ИП «Құспанов» мал сою пункттерінің зертханаларында жүргіздім. Осы мақсатта өкпе және бауыр зерттелді. Құрттың физиологиялық жағдайы мен оның жаппай жайлағандығын байқау, физиологиялық жағдайын анықтау үшін цистадан шприцтің көмегімен жиналған көпіршіктерді сорып аламыз. Протосколекстердің тіршілік қабілетін анықтау үшін спирт шамының жалынында ұстаймыз, сонымен қатар метиллин көгінің 1-2 тамшысын тамызу арқылы анықтауға болады. Протосколекстердің тіршілік қабілеті байқалмағандары метиллин көгін тамызғанда көк түске боялады.

Гельминтологиялық зерттеуде иттердің эхинококкозбен залалданғандығын анықтау үшін К.И. Скрябиннің толық жарып сою ащы ішекті бөліп алу арқылы (1928) және азинокс плюс антигельминтигін беру арқылы құртсыздандыруды бақылау. Иттегі фекалийлерді Калантарян (1938) әдісімен зерттеу.

Сойғаннан кейінгі зерттеу: а) кой мен мік бауыр, өкпе, талақты ішкі қарау, эхинококкоз көпіршігінің көлеміне, физиологиялық жағдайына назар аудару б) етқоректілерде ащы ішегін ұзынынан тіліп, ішіндегі сұйықтықты мұқият тазарту, содан соң сумен бірнеше мәрте жуып шөгінді тұндыру.


Нәтижелер. 2015 жылдың күзінен 2016 жылдың күзі аралығында БҚО бойынша 12 ауданы және Орал қаласы бойынша 359 бас ІҚМ, 41 жылқы, 466 бас кой, 120 бас ешкі қаралды. 359 бас ІҚМ-дың 48 (13,4%) басынан, 466 бас қойдың 129 (27,7%) басынан, 120 бас ешкінің – 3 (2,5%) басынан эхинококкоз көпіршігі табылды.

Қой эхинококкозының көп кездескен жері Ақжайық ауданы 243 бас қойдың-71 (29,2%) басынан, Сырым ауданы 91 бас қойдың -35 (38,5%) басынан және Тасқала ауданының 52 бас қойдың 15 (28,8%) басынан табылды. Жалпы қаралған мал саны 986 басты құраса, олардың зақымдалғаны 180 бас, сонда залалданудың орташа көрсеткіші 18,3%-ды құрайды.

Жануарлар арасында эхинококкоздың осыншама көбеюі облысымызда қаңғыбас иттердің санының көп болуымен байланысты.

Жәңгір хан атындағы БКАТУ-нің Ақжайық етті жүнді асыл тұқымды қойларды өсіру шаруашылығында 6 шағын қой жайылымдары бар. Әр жайылым басында 2 иттен бар. Зерттеуге шаруашылықтағы барлық иттерді алдық, олардың жалпы саны 12-ні құрады.

Эхинококкоздың тұрақты иесі ит болғандықтан аурудың алдын алу мақсатында иттерді жылына 4 маусым сайын дегельминтизациялау жүргіздік. Дегельминтизациялау үшін дронцит, азинокс плюс антигельминтиктерін қолдандық (1 сурет). Ал иттердің іш құрттармен залалдануын анықтауда Котельников әдісін қолдансақ, дегельминтизациялағаннан соң бір тәуліктен кейін иттердің нәжісін жинап оларды Щербович, Калантарян, Фюллеборн әдістері бойынша сумен шаю арқылы шөгіндік (2 сурет).



1 сурет – Шаруашылықтағы иттерді құртсыздандыру



2 сурет – Иттің ащы ішегін іш құрттарына қарау кезінде

Ақжайық етті-жүнді қой шаруашылығындағы иттерді зерттеу нәтижесі бойынша зерттелген 12 иттің эхинококкпен 2 (12%), тении гидатигенімен 4 (38%), ит дипилидум канинуммы 6 (50%) залалданғаны анықталды. Шаруашылықтағы әр итке ветеринарлық паспорт берілді, эхинококкоз бойынша плакат және шаруашылықтарда эхинококкоз жөнінде мәліметтен хабардар болып жүру үшін арнайы үн парақтар шығарылды.

Сонымен қатар Орал қаласынан ауланған бұралқы 4 иттің ащы ішегін қарау кезінде 1 иттен ешқандай іш құрты табылмады, ал қалған 3 иттің эхинококкпен 2 (72%), ит дипилидумымен 1 (28%) залалданғаны анықталды (3 сурет). Зерттелген 16 иттің 15-і залалданған. Залалданудың орташа көрсеткіші 93,8%-ті құрады.



3 сурет – Иттің ащы ішегінен табылған эхинококкоз бен ит дипиллидумы

Батыс Қазақстан облысында эхинококкоз індетінің таралуын аудандарға бөліп көрсек, мынаған көзіміз жетеді (1, 2 кесте).

Тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің статистикалық талдауларының нәтижелері бойынша, адамдар арасындағы эхинококкоз ауруының таралу деңгейі анықталды (4 сурет).


Облысымыз бойынша адамдар арасындағы эхинококкоз ауруының 2004-2010 жылдарда Ақжайық, Тасқала, Сырым аудандары мен Орал қаласында көптігі байқалып отыр.

1 кесте – БҚО бойынша адамдардың эхинококкозбен залалдану (2004-2006 ж.ж)

Аудандар	2004		2005		2006	
		100 мың адамға есептегенде		100 мың адамға есептегенде		100 мың адамға есептегенде
Ақжайық	9	19,5	7	15,6	6	13,3
Бөкейорда	1	5,5	-	-	-	-
Бөрлі	4	7,6	6	10,8	4	7,3
Жаңақала	-	-	-	-	2	8,5
Жәнібек	-	-	2	1,2	1	5,4
Зеленов	3	5,7	4	7,5	3	5,6
Казталовка	1	2,8	1	3,0	6	16,5
Қаратөбе	5	28,4	5	29,4	3	15,2
Сырым	3	11,0	3	14,5	3	11,4
Теректі	1	62,1	3	16,8	-	-
Тасқала	10	24,3	9	21,7	6	13,9
Шыңғырлау	3	18,3	2	13,0	4	0,7
Орал қаласы	24	11,3	6	7,5	10	4,7
Барлығы	74	12,4	58	10,2	67	11,1

2 кесте - БҚО бойынша адамдардың эхинококкозбен залалдану (2007-2010ж.ж)

Аудандар	2007		2008		2009		2010	
		100 мың адамға есептегенде		100 мың адамға есептегенде		100 мың адамға есептегенде		100 мың адамға есептегенде
Ақжайық	2	4,1	6	12,4	7	15,8	1	2,3
Бөкейорда	-	-	-	-	1	5,6	-	-
Бөрлі	8	15,4	3	5,7	3	5,4	7	12,3
Жаңақала	-	-	-	-	-	-	-	-
Жәнібек	1	5,7	6	34,7	-	-	-	-
Зеленов	7	13,0	3	14,3	6	12,2	4	7,3
Казталовка	3	8,1	5	13,5	2	5,6	7	20,2
Қаратөбе	7	36,2	1	5,1	3	18,2	4	21,0
Сырым	7	22,7	9	29,2	4	15,9	3	12,2
Теректі	8	18,2	4	9,1	1	5,2	-	-
Тасқала	6	32,7	11	6,1	4	9,4	6	14,1
Шыңғырлау	6	33,4	5	27,8	-	-	4	22,8
Орал қаласы	19	9,3	9	9	7	7,1	19	7,5
Барлығы	74	12,1	64	10,5	48	8,0	55	8,8



4 сурет – БҚО бойынша адамдардың эхинококкозбен залалдану (2004-2016 ж.ж)

Эхинококкоздан сақтандыру шаралары қоздырғыштың даму циклін бұзуға бағытталады:

- Иттерді құжаттау және олардың санын шектеу (мысалы, бір отарға немесе табынға 1-2 иттен келетіндей етіп);
- Иттер мен мысықтарды күтіп бағуда санитарлық ережелерді қатаң сақтау;
- Үй етқоректілеріне термиялық өңдеуден өткізілмеген сойыс өнімдерін жегізбеу;
- Жүйелі түрде маусым сайын иттерге антгельминтиктер беру;
- Халық арасында ветеринарлық-санитарлық білімді үнемі насихаттап, халыққа ауру туралы ақпарат тарату;
- Жануарлар сойылған кезде қатаң ветеринарлық-санитарлық қадағалау жүргізу (сурет 5);
- Залалданған сойыс өнімдерінің сатылуына тыйым салу [6].



5 сурет – Эхинококкоздан сақтану шаралары

Қорытынды. Эхинококкоз ауруының алдын алу үшін бұл мәселе мемлекеттік деңгейде қолға алынып, шаруашылықтағы малдарды толығымен мал дәрігерлері тексеріп, иттерге уақытылы дегельмитизация шараларының жүргізілуін және мал сойылған кезде оның зақымдалған органдарын итке тастамай, оларды арнайы шұңқырларға көміп немесе өртеп жіберілуін қадағалау қажет. Ел арасында санитарлық ағарту жұмыстары кеңінен қолға алынуы қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Абдуллаев Е. Эхинококкоз / Е. Абдуллаев // Денсаулық. – А., 2009. – №10. – 4 б.
- 2 Мустафин М.К. Результаты применения усовершенствованного гельминто-овоскопического способа диагностики гельминтозов животных // М.К. Мустафин, М.Ж.Аубакиров, А.Т. Жармагамбетов // «3i: intellect, idea, inovation». – 2014. – №1. – С. 32-36.
- 3 Тумольская Н.И. Гельминтозы домашних животных / Н.И Тумольская // Ветеринария сельскохозяйственных животных. – 2012. – №9. – С. 11-12.
- 4 Дедкова Л.М. Иммуноферментный анализ в диагностике гельминтозов / Л.М. Дедкова // Ветеринария сельскохозяйственных животных. – 2011. – № 9. – С. 914.
- 5 Елеуова Г.А. Проблема увеличения численности бродячих плотоядных животных в Западно-Казахстанской области / Г.А.Елеуова, Я.М. Кереев, А.С. Сапарова, Е. Алпысбай // Материалы республиканской научно-практической конференции студентов и магистрантов «Роль молодежи в развитии инновации и науки XXI в.», посвященной ЭКСПО-2017. – Орал, 2016. – I бөлім. – 398-405 б.
- 6 Шалменов М.Ш. Батыс Қазақстан облысының Казтоловка ауданындағы эхинококкоздың алдын алу шараларын жетілдіру / М. Ш.Шалменов, Н. Ж. Кадырова // «Ғылымдағы заманауи интеграциялық басымдылықтар: зерттеуден инновацияға дейін» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Орал, 2013. – I бөлім. – 387-389 б.

РЕЗЮМЕ

Эхинококкоз — биогельминтоз, инвазия циркулирует среди домашних и диких животных, а также у человека. Эхинококкоз не только вредит здоровью животных и человека, но и наносит большой экономический ущерб стране. ВОЗ и Международное Эпизоотическое Бюро включило эхинококкоз в список болезней, подлежащих радикальному искоренению.

RESUME

Hydatid biogelminthoz, invasion circulated among domestic and wild animals, as well as in humans. Echinococcosis not only harms human animal health, but also causes great economic accept country. WHO and OIE included hydatid disease in the disease list to be radical eradication.

УДК 619:616.33 – 009.11

Ф. К. Кайратова, магистрант

Ф. Б. Закирова, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

ДИСПЕПСИЯҒА ШАЛДЫҚҚАН БҰЗАУЛАРДЫ ПОЛИТЕРБЕТ ФИТОПРЕПАРАТЫМЕН ЕМДЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Аннотация

Диспепсияға шалдыққан бұзауларды политеербет фитопрепаратымен емдеу және алдын алу жолдары анықталады. Препарат фармакологиялық белсенді субстанциядан, қайыңның ішкі қабығынан алынды. Политеербет қауіпсіз, кең спектрлі спецификалық белсенді, ең бастысы – антитоксикалық және диареяға қарсы қабілетті. Бауырдың метаболикалық қызметін қалпына келтіреді, метаболизм бұзылғанда, диарея және интоксикация кезінде, диспепсияның алдын алуда және емдеуде әсері жоғары.

***Түйін сөздер:** бұзау, диспепсия, алдын алу, емдеу, политеербет, фитопрепарат, бауыр, регенерация, метаболизм, интоксикация, диарея.*

Клиникалық тәжірибеде төлдердің диспепсиясы әсіресе, улы диспепсия төлдердің дамуында тұрақты кездесетінін көрсетеді. Алайда, осы ауруды түбегейлі емдеу және алдын алу шаралары жоқ. Сондықтан олардың шешімін іздеу өткір мәселе болып отыр. Осыған байланысты, атап айтқанда, биологиялық белсенділігі кең спектрлі табиғи қосылыстар, яғни, аз зерттелген тритерпеноид ерекше назар аудартты. Құрамында қабынуға қарсы миниралюртикоид бар, ас қорыту бездері функциясын ынталандыруда спазмолитикалық әсері бар, бірақ ветеринарияда өте аз қолданады [1].

Диспепсия өміршеңдік қабілеттерінің төмендеуімен сипатталады. Диспепсия деген сөз қазақша қорытылмау деген мағына береді. Жас төл уыз, сүт ему кезінде ас қорыту органдарының жұмыс істемей, организмде зат алмасу процесі бұзылатын, сөйтіп төлді шығынға ұшырататын зілді ауру. Диспепсиямен әлсіз болып туылған төлдермен қатар, сау төлдерде өмірінің алғашқы он күндігіне дейін ауырады. Диспепсия ауруын тудыратын себептер күрделі де көп. Аурудың пайда болуы енесінің организмінің, төлдің жалпы физиологиялық және ас қорыту жүйесінің қалпына, жас төлді күтіп-бағу жағдайы мен мал дәрігерлік-санитарлық жағдайларға тығыз байланысты болады [1,2].

Ғалымдардың соңғы жылдарда жүргізген зерттеулер бойынша жаңа туған бұзау диспепсиясының шығуына буаз сиырлар, әсіресе, буаздығының үшінші кезеңінде жеткіліксіз азықтандырылып, сулы азықтарды көп беріп, қорада ұзақ ұстап, серуендетуге шығармау себеп болатыны анықталды. Іштегі төлдің өсуі мен дамуы, анасының ағзасынан плацента арқылы келетін, қорек заттардың әсерінен болады. Буаздық пайда болғаннан бастап онда барлық физиологиялық процестер өзгеріске ұшырайды, жиналған ақуыздар, майлар, көмірсулар,